

Қамқоршылық кеңесі отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

ЖББ №7 М.Әуезов атындағы орта мектеп

Өткізілген уақыты: 27.09.2021 , 15:00

Өткізілген орны: Мұғалімдер бөлмесі

Қатысқаны: 9 адам

Қамқоршылық кеңес төрайымы: Толеуова Ж.

Кеңес төрағасының орынбасары : Қоныспаева А.

Мүшелері:

Аубекерова Н.

Қосмухамбетова Г.

Султанова Э.

Есмағанбетов М.

Салихова А.

Бегесинова Д.

Нурлан А.

Күн тәртібінде:

1. «Мектепке жол» акциясы туралы
2. Мектебіміздегі оқушыларға берілетін тегін ыстық тамақтың ұйымдастырылуы туралы

Тыңдалды:

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы – Толеуова Ж. «Қамқоршылық кеңесі» құрамын ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген «Қамқоршылық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің үлгілік Ережелерінің» негізінде мектепте көрсетілген қайырымдылық көмектің ұйымдастырылып, жұмыс өз деңгейінде атқарылды. Еліміздің болашағы – балалар демекші , біз жетімін жылатпаған халықпыз . « Ұлым дейтін елім болмаса , елім дейтін ұл қайдан шықсын » - деген екен А. Байтұрсынов . Осындай іс – шараға ат салысқан ізгі жандарымыздың игі істері, қамқорлығы жалғасын табатынына сенімдіміз . Көмек қолын созған кісілерге алғысымыз шексіз. Еңбекте істері өрге бассын демекпіз!

Сөз сөйлегендер:

1.Бірінші мәселе бойынша, Қоныспаева А. – қамқоршылық кеңесінің орынбасары:

-Қамқоршылық кеңестің атқарған жұмыстарына тоқталатын болсақ, жалпы білім беретін №7 М.Әуезов атындағы орта мектебінде 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жылдық жоспарына сәйкес, Республикалық «Менің таңдауым-балаларға көмек көрсету!» ұранымен «Мектепке жол» акциясы өтті.

Республика көлемінде өтіп жатқан « Мектепке жол » акциясына қатысып, көптің алғысын алып, құрметке бөленіп жүрген азаматтардың бары көңіл қуантады. « Жақсының жақсылығын айт нұры тасысын » - демекші, олардың есімдерін атап кеткенді жөн көріп отырмыз. Акция барысында жалпыға міндетті білім қорынан бөлінген 622000 мың теңге көлемінде 20 оқушы мектеп формасымен 42 оқушы мектеп құралдарымен қамтылды, мөлтек аудан бойынша жеке кәсіпкерлер: «Мерамбаев Сапарғали», «Жанбике», «Нұрбол» 40000 теңге көлемінде әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына қаржылай көмек көрсетті.

2.Екінші мәселе бойынша, Қосмухамбетова Г. – қамқоршылық кеңес мүшесі:

-Мектеп жұмысына әкімшілік тарапынан бақылау ұйымдастырылған. Оқушыларды біліммен, тәрбиемен қамту дұрыс жолға қойылған. Биылғы оқу жылында мектеп бойынша әлеуметтік тізімге 93 оқушы тіркелді. Оқушылардың барлығы оқулықпен толық қамтылған.

- Жалпы білім беретін №7 М.Әуезов атындағы орта мектебіндегі қамқоршылық комиссия құрамы тамақтандырудың ұйымдастырылуына, сапасына мониторинг жүргізді:

- Асхана санитарлық нормаға сай, «Дұрыс тамақтану» бұрышы ұйымдастырылған.оқу жылына арналған оқушыларға ыстық тамақ ұйымдастыруға іс-шара жоспары жасалған. Мектепте әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан ата-аналардың өтініші бойынша 35 оқушы ,ал бастауыш сыныптардан 306 оқушы бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылған.

Ең негізгі құжаттардың бірі- ас мәзірі.Мәзір екі апталықтан жасақталған.Мектепте перспективалық ас мәзірі жасалып, бекітілген. Ас мәзірі талапқа сай беріледі.Асхана барлық қажетті құрал-жабдықтармен жабдықталған.

Балалардың дұрыс тамақтануы олардың денсаулығын нығайтып, дене дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар мидың дамуына, ойлау қабілетінің жақсаруына және жүйке жүйесіне жақсы ықпал етеді. Яғни баланың сабақ үлгерімі жақсы болуына дұрыс тамақтанудың маңызы зор.Егер бала құнарлы тамақтанбаса, ағзада метоболизм, зат алмасу бұзылып, әртүрлі жұқпалы ауруларға қарсы тұрарлық қабілеті төмендейді. Сондықтан да балаларға тамақтануды дұрыс әрі сапалы ұйымдастыру біздің міндетіміз.

Қамқоршылық кеңесі отырысының шешімі:

1. «Қамқоршылық кеңесі» жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Демеушілер мен меценаттарға қатынас хаттар таратылып, жұмыс күшейтілсін.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:  Төлеуова Ж.

Хатшы:  Ельчибекова Ж.

«№7 М.Әуезов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Өткізілген уақыты: 13.12.2021жыл
Өткізілген орны: Мұғалімдер бөлмесі
Уақыты: 18.00

Қатысқандар :

Кеңес төрайымы : Төлеуова Ж.У
Кеңес төрағасының орынбасары:Қоныспаева А.М
Мүшелері:
Аубекерова Н.М
Қосмухамбетова Г.Н
Султанова Э.А
Есмағанбетова М.К
Салихова А.Қ
Бегесинова Д
Нұрлан А.

Күн тәртібінде :

- 1.Мектептегі Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруға,аз қамтылған отбасы балаларына сыйлықтар әзірлеуге көмек көрсету
- 2.Мектеп асханасының жұмысы мен асхананың тазалығы , сыныптың тамақтану туралы
- 3.Ата-ана ,оқушы мұғалімдерімен спорттық шара өткізу «Отбасы – тәрбие көзі»көңілді старт

Кеңес төрайымы : Төлеуова Ж.У

«№7 М.Әуезов атындағы орта мектеп КММ –нің Қамқоршылық кеңесінің оқушылар ата-аналарының бастамасын ерікті негізінде біліп беру процесін және қаржы - шаруашылық қызметті ұйымдастыруға ,білім беру процесін қатысушылардың құқықтары мен мүдделері қорғауға ықпал ететін қаржылық және материалдық –техникалық мәселелерді шешу үшін қоғамдық басқару нысандарын енгізу мақсатында құрылды. Мектептегі жаңа жыл мерекесін ұйымдастыруға аз қамтылған отбасы балаларына сыйлықтар әзірлеуге көмек көрсету .

Мектеп асханасының жұмысы мен асхананың тазалығы , сыныптың тамақтану туралы Қамқоршылық кеңесінің жұмысында талқыланды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің

2017 жылдағы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына сәйкес мектепте Қамқоршылық кеңесі құрылып ,іс –шара жоспары жасақталып , бір қатар ауқымды іс шаралар атқарылды .

Кеңестің құрамында -9 адам . Жоспар бойынша қамқоршылық кеңесінің екінші отырысы өткізілді.

Қамқоршылық кеңестің құзырына –оқушылардың білім алу қажеттіліктерін қолдау және мектепті дамыту үшін қаражаттарды қалыптастыру.сонымен қатар білім алушылар мен педагогтардың жұмысы үшін қолайлы жағдай жасау.

Мектеп бойынша қорғанышылықта 1 оқушы .

Толық емес отбасы -35

Аз қамтылған 10

Көп балалы 45 оқушы бар.

2021-2022 оқу жылында қамқоршылық кеңес мүшелері

«Жаңа жыл мерекесіне» орай оқушыларға сыйлықтар тапсырылды.

Салихова А – қамқоршылық кеңес мүшесі.

«Жаңа 2021 жыл мерекесіне қарсаңында жалпы білім беретін №7 М. Әуезов атындағы орта мектебінде ата-ана қамқорлығынан айырылған толық емес, аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан балаларды әлеуметтік қолдау көрсету мақсатында жалпыға бірдей білім қорынан бөлінген 20 9080 теңге көлемінде 50 оқушыға жаңа жылдық тәтті сыйлықтар табысталды. Сонымен қоса демеушілерге қатынас хаттар таратылып қорытындысында 15 оқушыға сыйлық алып қуанды.

Сондай ақ мектепте биылғы оқу жылында оқушыларды ыстық тамақпен қамту мақсатында «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің жекелеген санатына тегін тамақтандыру ұсыну» мемлекеттік көрсетілген стандартына сәйкес Жалпыға міндетті білім беру қорының есебінен 35 оқушыға бір уақыт мектеп асханасы арқылы ыстық тамақ берілді. Қамқоршылық кеңесінің мүшелері оқушылардың ыстық тамақтануының сапасына мониторинг жүргізу арқылы тексеріп отырады.

Қосмұхамбетова Г.Н-мүше

Ата-ана, оқушы мұғалімдерімен спортық шара өткізу. «Отбасы-тәрбие көзі» көңілді старт.

Мақсаты: Оқушыларға қоғамдық отбасы жөнінде түсінік беру, отбасы тәлім- тәрбиенің негізгі екенін ұғындыру ата –ананың байланысын арттырып, балаға тәрбие беріп, өз ойларын айтуға үйрету жауап беру қабілеттерін дамыту.

Бұл шараға Мектеп оқушылары өздерінің отбасы мүшелерімен қатысқан болатын.


Үш отбасы қатысты. Әр отбасы өздерін таныстырып, өз ұрандарын айтты.

Ата-анада оқушыда бұл шараға қызығушылықпен қатыстып шара өз дәрежесінде өтті. Қорытындылай келе Қамқоршылық кеңесінің негізгі мақсаты ата –аналардың мектеппен байланысы туралы мәселелерін шешу және мектеппен тығыз байланыс арттыру.

Ұсыныс:

Мектепте мұғалім мен ата –аналардың байланысын арттыру.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

 Ж. Төлеуова

Хатшы:

 Ж. Ельчибекова

«№ 7 М.Әуезов атындағы орта мектеп» КММ
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №1

Өткізілген уақыты: 28.01.2020 жыл
Өткізілген орны: Мұғалімдер бөлмесі
Уақыты: 18.00

Отырыстың төрағасы: Нисимбаев О.

Қатысқандар: Жумалиева А. – орынбасары
Аубекерова Н. - мүшесі
Бижанова Ж. - мүшесі
Қоныспаева А. - мүшесі
Толеуова Ж. - мүшесі
Мутиголлаева А. - мүшесі
Идрисова Б. – мүшесі
Құрақбаева К.- Кеңес хатшысы

Шақырылғандар: Байбатыров М. - мектеп директоры
Сыныптың ата-аналар комитеті төрағалары

Күн тәртібі:

1. Кәмелет жасқа толмағандар арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын алу.
2. Педагог мәртебесі туралы заң жобасын талқылау.
3. «Жан-ай» қоғамдық Қорын құру, қор Директорын тағайындау туралы

Тыңдалды:

I мәселе бойынша Аубекерова Н. - қамқоршылық кеңес мүшесі.

Бұл тақырып бүгінгі таңда қоғамды алаңдатып отырғандығы баршаңызға белгілі. Кәмелет жасқа толмаған оқушылардың әр түрлі қылмыс жасамауын, түнгі уақытта беймезгіл жүрмеуін қадағалау мақсатында түнгі рейдтер үнемі ұйымдастырылып отырғанын айтып өтті. Жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың мәселесі белен алуда екенін, кикілжіні, топ құрып қактығысуы, бірін-бірі сыйламауы сияқты іс-әрекеттер өте қарқынды түрде дамып келе жатыр.

II мәселе бойынша Нисимбаев О.К. - қамқоршылық кеңес төрағасы.

Білім және Ғылым министрлігінің "Педагог тәртебесі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заң жобалары әзірленді. бүгінгі таңда БАҚ, әлеуметтік желілерде, мұғалімдер ұжымдарында заң жобасы белсенді түрде талқылануда.

III мәселе бойынша К.Құрақбаева -қамқоршылық кеңес хатшысы.

Мектепте қоғамдық Қорын құру, қор директорын тағайындау туралы айтты.

Қызметінің басты бағыттары, мақсаттары мен мәні.

- 1.1. Қор қызметі осы Жарғыға сәйкес жүзеге асады және келесі мақсатты шешуге бағытталған:
Мектеп жұмысында қолдау көрсету, материалдық-техникалық базасының нығайуына септігін тигізу.
- 1.2. Көзделген мақсаттарға жету үшін Қор келесі қызметтерді атқарады (қызметтің мәні):
- Қайырымдылыққа бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу;
 - Заңмен тыйым салынбаған ерікті жарналар мен басқа да кірістер негізінде мүлікті қалыптастыру.
 - Мектеп оқушыларын әлеуметтік қолдау және қорғау, оқушылардың қаржылық жағдайын жақсарту жұмыстарын жүзеге асыру;
- 1.3. Қор өзінің жарғылық мақсаттарына сәйкес келетіндей ғана кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.
- 1.4. Коммерциялық емес ұйым болғандықтан, Қор Құрылтайшылары немесе қызметкерлері үшін пайда табуды мақсат етпейді. Қор алдына саяси мақсаттарды қоймайды және саяси ұйымдардың, сондай-ақ заңда бекіткен тәртіп бойынша тіркелмеген ұйымдардың қызметін қаржыландырмайды.
- 1.5. Рұқсат алуды қажет ететін барлық қызмет түрлерімен тек рұқсат алғаннан кейін ғана айналыса алады.
- 1.6. Қор қызметінің мерзімі шектеусіз.

Сөйледі:

Одан әрі Қамқоршылық кеңес мүшелері жарыс сөзге кезек берді. Қорытындысында Мектепте қоғамдық Қорын құрылып, төрайымы Төлеуова Жангүл сайланды.

Қаулы:

4. Бірінші мәселе бойынша құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында жүргізілген жұмыс әлі де жалғастырылсын.
5. Екінші мәселе бойынша тыңдалған баяндама түсінікті деп танылсын.
6. Құрылған кеңестің жұмысы жандандырылсын.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:



Нисимбаев О.К.

Аубекерова Н.

«№ 7 М.Әуезов атындағы орта мектеп» КММ
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №2

Өткізілген уақыты: 27.03.2020 жыл
Өткізілген орны: Мұғалімдер бөлмесі
Уақыты: 18.00

Отырыстың төрағасы: Нисимбаев О.

Қатысқандар: Жумалиева А. – орынбасары
Аубекерова Н. - мүшесі
Бижанова Ж. - мүшесі
Қоныспаева А. - мүшесі
Толеуова Ж. - мүшесі
Мутиголпаева А. - мүшесі
Идрисова Б. – мүшесі
Құрақбаева К. - Кеңес хатшысы

Шақырылғандар: Байбатыров М. - мектеп директоры
Сыныптың ата-аналар комитеті төрағалары

Күн тәртібі:

1. Мектептегі «Адалдық» дүкені туралы

Қосмухамбетова Г.

Көктемгі мектеп алаңын көгалдандыру жұмыстарына көмек көрсету
Ельчибекова Ж.

2. Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған Патриоттық тәрбие жұмысын ұйымдастыруға қатысу

Тыңдалды:

I мәселе бойынша демократиялық жұмыстарына жауапты Қосмухамбетова Гульмира мектептегі «Адалдық» дүкенінің жұмысы туралы айтып өтті.

Елімізде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бірқатар жобалар жүзеге асырылу үстінде. Соның бірі, «Адалдық дүкенін» ашу. Осы жобаны жүзеге асыру бағытында мектепте «Адалдық» дүкені ашылды, ол сатушыларсыз жұмыс істейді. Дүкеннің принципі – өзін-өзі қамтамасыз ету. Дүкенде оқушылар мен мұғалімдер қажетті тауарларды сатып ала алады, ал тауарларға арналған ақша кассир сатушыны ауыстыратын арнайы қорапқа түседі. Сатып алушыларды ешкім бақыламайды, ешқандай сатушы болмайды, ешқандай қауіпсіздік немесе бейнекамера болмайды. Дүкеннің қызметі адалдық пен сенімге негізделген. Бұл жоба оқушылардың материалдық сезімдерін тәрбиелеуге және мектеп оқушылары арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитетті қалыптастыруға бағытталған. Және ол өз дәрежесінде жұмыс атқарып отыр.

II мәселе бойынша сыныптан тыс жұмыстарға жауапты Бегалиева Айшат сөз алды.

Мектеп ұжымымен бірге көктем-күз айларында ағаш отырғызу жұмыстарына ат салыса отырып, мектептің Қамқоршылық кеңесі үлгі болып жол бастауымыз керек. Өйткені мектеп маңындағы тал-теректер алдымен санитарлық-гигиеналық және архитектуралық маңызға ие. Сондықтан біз де қазіргі елдегі ахуалға карамай мектепте 10 түп шыбық пен гүлдің тұқымын алып, отырғызуға ат салысайық деген ұсыныс беремін.

III мәселе бойынша сыныптан тыс жұмыстарға жауапты Қоныспаева Акмарал сөз алды.

Ұлы жеңіс Адамзат тарихындағы ең сұмдық соғыстың болып өткеніне 80 жыл толмақ. Жеңіс күні - бұл сан мыңдаған ұрпақ үшін ортақ мереке. Бұл мереке - бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығы, Отанын қорғаған жауынгер солдаттар мен офицерлердің айбыны, тылдағы Жеңісті жақындатқан жұмысшылардың ерлік еңбектерінің мәңгі өшпейтіндігі дәлелдейтін белгі болып қалмақ. Біздің аталарымыз бен әжелеріміздің батырлықтары мен жанқиярлықтары, олардың өз Отанына деген шексіз сүйіспеншіліктері Қазақстанның бүгінгі жауынгерлері үшін мақтан тұтарлық үлгі ғана емес, бұл бірнеше ұрпақты байланыстыратын қоғамның рухани дамуы мен ұлттық қайта өрлеуінің жоғары адамгершілік негізі. Жеңіс күні - абыроймыз бен даңқымыздың мерекесі. Табандылық пен ерлік, Отанға деген сүйіспеншілік қатал соғыста Жеңіске жеткізді. Сол бір сұрапыл жылдары Қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Бұл мерекеге байланысты түрлі шаралар өткізуді жоспарлап едік. Өкінішті. Енді елдегі ахуалға байланысты бәрі де кейінге қалдырылады. Қыркүйекте мектепке келген соң мерекелік шараларды ұйымдастырармыз.

Сөйледі:

Одан әрі Қамқоршылық кеңес мүшелері кезекпен өз ойларын ортаға салды.

Қаулы:

1. Бірінші мәселе бойынша мектептегі «Адалдық» дүкенінің жұмысы алдағы уақытта жалғастырылсын.
2. Екінші мәселе бойынша Мектеп ұжымымен бірге күзде мектеп ауласына көріктендіру жұмысы жалғасын тапсын.
3. Үшінші мәселе бойынша Ұлы Жеңістің 80 жылдығы 2020 жылдың аяғына дейін қалыпты жағдайда оқуға көшкен соң жүргізілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:

Хатшы:

Нисимбаев О.К.

Аубекерова Н.

«№ 7 М.Әуезов атындағы орта мектеп» КММ

Хаттама

«Қамқоршылық кеңесінің» кезектен тыс отырысы

Өткізілген уақыты: 17.02.2020 жыл
Өткізілген орны: Мұғалімдер бөлмесі
Уақыты: 18.00

Отырыстың төрағасы: Нисимбаев О.

Қатысқандар: Жумалиева А. – орынбасары
Аубекерова Н. - мүшесі
Бижанова Ж. - мүшесі
Қоныспаева А. - мүшесі
Толлеуова Ж. - мүшесі
Мутиголласва А. - мүшесі
Идрисова Б. – мүшесі
Құрақбаева К. - Кеңес хатшысы

Шақырылғандар: Байбатыров М. - мектеп директоры
Сыныптың ата-аналар комитеті төрағалары

Күн тәртібі:

1. Физика, Биология, Химия пәндерін ағылшын тілінде оқыту туралы
2. Пилоттық жоба жетекшісі мен шығармашылық топ құру туралы

Тыңдалды:

Күн тәртібі бойынша мектеп директоры Байбатыров Малик Сағынғалиұлы ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жыл 3 қыркүйектегі №440 «Жанартылған білім беру мазмұнын пилоттық енгізу туралы» 2014 жылғы 6 қарашадағы №455 бұйрығына «Өзгеріс енгізу туралы» бұйрығы негізінде физика, биология, химия пәндерін ағылшын тілінде жүргізу керек екенін айтты. Осы негізде 1 сағат факультатив сабақтар есебінен беріп, осы сабақтар ағылшын тілінде жүргізілуі тиіс.

«Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығы негізінде Қамқоршылық кеңестің өкілеттігіне сүйеніп, осы ұсынысты жүзеге асыруға келісімдерін сұрады.

№	Пәні	Сағат саны	Сыныбы	Тақырыбы	Пән мұғалімі
1	Физика	1	9 «ә»	Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып, үйрену	Аманиязова З.
2	Биология	1	9 «а»	Биологиялық терминдерді ағылшын тілінде оқып, үйрену	Бижанова Н.
3	Биология	1	8 «а»	Биологиялық терминдерді ағылшын тілінде оқып, үйрену	Ханафина Г.

4	Биология	1	8 «а»	Физикалық терминдерді ағылшын тілінде оқып, үйрену	Қалиева Г.
5	Химия	1	8 «ә»	Химиялық терминдерді ағылшын тілінде оқып, үйрену	Утепбергенова Г.

Одан әрі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің 2018 жылдың 12 наурыздағы №3 хаттамасы негізінде ұсынылған жаратылыстану-математика циклі пәндерін ағылшын тілінде оқыту бойынша пилоттық мектептердің ережелерін басшылыққа алып, Пилоттық жобаны институционалдық қолдау бағытында жоба мүшелерінен шығармашылық топ құрып, жетекші тағайындау қажеттігін айта келе, ұсыныс білдірді.

Топ жетекшісі: Аманязова З.

Мүшелері: Айтышова Г.

Утепбергенова Г.

Байжанова Н.

Ханафина Г.

Жарыссөз:

Жарыссөзде Қамқоршылық кеңесі мүшелері мектеп әкімшілігінің ұсыныстарын қолдап, Факультатив сағат есебінен сағат бөлінуіне келісімдерін берді. Шығармашылық топ, жетекші тағайындау туралы ұсынысты да қолдады.

Қаулы:

Отырыстың төрағасы:  Нисимбаев О.

Хатшы:  Куракбаева К.

«№ 7 М.Әуезов атындағы орта мектеп» КММ
Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы №3

Өткізілген уақыты: 20.05.2020 жыл
Өткізілген орны: ZOOM платформасы
Уақыты: 18.00

Отырыстың төрағасы: Нисимбаев О.

Қатысқандар: Жумалиева А. – орынбасары
Аубекерова Н. - мүшесі
Бижанова Ж. - мүшесі
Қоныспаева А. - мүшесі
Толеуова Ж. - мүшесі
Мутиголласва А. - мүшесі
Идрисова Б. – мүшесі
Құракбаева К.- Кеңес хатшысы

Шақырылғандар: Байбатыров М. - мектеп директоры
Сыныптың ата-аналар комитеті төрағалары

Күн тәртібі:

1. 9,11 сынып оқушыларының еңбекке орналасу жұмыстарына көмек беру
Утекерова Ж.
2. Аз қамтылған отбасы балаларының жазғы демалысын ұйымдастыруға көмектесу.
Сұлтанова Э.
3. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі туралы
Салихова А.

Тыңдалды:

I мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Утекерова Ж. 9,11 сынып оқушыларының еңбекке орналасу жұмыстарына көмек беру туралы атқарған жұмыстары туралы айтып өтті.

Мамандық таңдау – әрбір адамның маңызды қадамы, өйткені ол оның тағдырын әрі қарай айқындайды. Мамандық таңдаудағы тиімділігі көбінесе мамандықтың қаншалықты мінсіздігі мен оқушыларға ұнайтынына байланысты. Егер адам өзіне ұнамайтын жұмысты істесе, онда оған қарсы тұра алмай, барлық күш-жігері кетіп қалады. Уақыт өте өмірдің мағынасы жоғалып, селкостық басым болады. Осыны түсіндіру біздің басты міндетіміз. Қамқоршылық кеңесі мүшелері 9,11 сынып оқушыларымен қараша айында кездесу ұйымдастырды. Кездесудің мақсаты - ең қажетті мамандықтар жайлы айтып беру және оқушыларға болашақ мамандықты дұрыс таңдауға көмек көрсету. Болашақта жұмыссыздар қатарында болып қалмас үшін қазірден бастап болашақ мамандықты таңдауда барлық жауапкершілікпен және асығыстық танытпай мұқият кірісу керек. Осы және басқа да мәліметтерді барымызша түсіндіруге тырыстық.

II мәселе бойынша Қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру жұмыстарын ұйымдастыру міндетін атқарушы Сұлтанова Э. аз қамтылған отбасы балаларының жазғы демалысын ұйымдастыруға көмектесу мақсатында демеушілер іздестірілгенімен, көмек қолын созушылар болмағанын айтты. Әрі елдегі келеңсіз жағдайларға байланысты бұл жұмыс сәуір айынан тоқтатылғанын хабарлады.

III мәселе жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі туралы жазғы демалыс ұйымдастыру жұмысына жауапты Салихова А. Хабарлама жасады. Жыл аяғындағы мектеп мұғалімдерінің қашықтан өткізген ата-аналар және сынып жиналыстарына қатысып, түсінік жұмыстарын жүргізгенін айтты.

Отбасы тәрбиесінің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы мол, еңбекқор, білімді азаматты тәрбиелеу. Бала да жас терек сияқты, қалай тәрбиелесең, жастан қандай тәрбие берсең, ертең есейгенде жас кезіндегі алған тәрбиесі өміріне негіз болмақ. Ата-ана бала қауіпсіздігін сақтауды ең бірінші орынға қою керек.

Сөйледі:

Одан әрі Қамқоршылық кеңес мүшелері кезекпен сөз алып, өз ойларын ортаға салды. Бәрі бірдей тоқтамға келді.

Күн сайын еліміздің қалаларында, ауылдарында автокөліктер саны өскен сайын жол апаттары да арта түсуде. Жол көлік оқиғалары жөніндегі деректерге зер салсақ, қалалық жерлерде жаяу жүргіншілердің кінәсінен болатын оқыс оқиғалар саны едәуір көп. Сонымен қатар жазғы демалыс кезінде баларымыздың өмір қауіпсіздігін тілсіз жау өрттен суға түсіу т.б жағдайдан мұқият болу керек. Салауатты өмір салтын сақтай отырып «Дені саудың- жаны сау» дейміз.

Қаулы:

1. 9,11 сынып оқушыларының еңбекке орналасу жұмыстары басты назарда ұсталсын.
2. Аз қамтылған отбасы балаларының жазғы демалысын ұйымдастыру болашақта өз жалғасын тапсын.
3. Жазғы демалыс кезіндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі туралы жаднамалар мөлтекаудандағы дүкендерге, балалар алаңдарына ілінсін

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы: 

Нисимбаев О.К.

Хатшы: 

Аубекерова Н.